

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(26) сәуір-маусым 2021
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиң Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығ мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Еімұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyš Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State

University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

FTAMP/MPHTI/IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.51943/2710_3994_2021_2_205-215

ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖЕТІШАҒАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ КҮЙРЕУІНЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Сманова А.М.¹, Чаргынова Г.О²¹Т.ғ.к., доцент. ҚазҰҚПУ. Қазақстан, Алматы қ.²PhD доктор, аға оқытушы. ҚазҰҚПУ. Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістан аумағындағы Жетішаһар мемлекетінің күйреуіне қатысты кейбір мәселелер қарастырылған. Бастапқы кезде Шығыс Түркістан аумағында Жетішаһар мемлекетінің құрылуына жергілікті халық зор сеніммен қарады. Жетішаһар мемлекетін құруға қол жеткізген Жақыпбек Бадаулеттің ортаазиялық халық өкілі екені жергілікті халық арасында мақтаныш сезім қалыптастырғандай болды. Алайда Цин империясында орын алған әлеуметтік-саяси үдерістер салдарынан (тайпиндер, ұйғырлар, дүңгендер және т.б. көтерілістері) жағдай шиеленісіп кетті. Сонымен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың шиеленісуімен қатар, Цин империясының жергілікті шенеуніктерінің бетімен кетіп, заңсыз әрекеттерге баруы, бұхара халықтың арасында күйзелістің артуы Шыңжаңдағы көтерілістің негізгі себебі болды. Жетішаһар мемлекетінің күйреуі оның даму деңгейінің төмен дәрежеде болуына және Жақыпбек Бадаулеттің қазасынан кейін ел ішінде орын алған бейберекеттікке байланысты, бұл өз кезегінде Жетішаһар мемлекеті аумағында Цин империясы билігінің қайта орнауына алғышарт қалыптастырды.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Жақыпбек Бадаулет, Шығыс Түркістан, Жетішаһар мемлекетінің күйреуі, Қытай империясы

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОТНОСЯЩИЕСЯ К РАСПАДУ ГОСУДАРСТВА ЙЕТТИШАР В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ

Сманова А.М.¹, Чаргынова Г.О²¹К.и.н., доцент Казахский национальный женский педагогический университет. Казахстан, г. Алматы.²PhD доктор, ст.преподаватель Казахский национальный женский педагогический университет. Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. В этой статье рассматриваются некоторые вопросы, связанные с разрушением государства Семиградие (Йеттишар) на территории Восточного Туркестана во второй половине XIX века. По началу местное население было уверено в формировании и укреплении государства Йеттишар в Восточном Туркестане. Основатель государства Йеттишар Якупбек Бадаулет был представителем среднеазитских народов, и этот факт тоже вызывал чувство гордости у местного населения. Однако социально-политическая ситуация в Цинской империи (восстание тайпинов, уйгуров, дунган и т.д.) отрицательно повлияла на развитие государства Йеттишар. Помимо социально-политического кризиса, разгильдяйство чиновников Цинской империи, их незаконные действия еще больше усугубили положение населения, и это стало причиной восстания в Синьзяне. Незрелость государственной структуры государства Йеттишар и скорая кончина Якупбека Бадаулета привели к разобщенности среди населения, что

позволило Цинской империи снова вмешаться в управление государством.

Ключевые слова: Центральная Азия, Якупбек Бадаулет, Восточный Туркестан, Китайская империя, распад государства Йеттишар.

SOME ISSUES RELATED TO THE COLLAPSE OF YETTISHAR STATE IN EASTERN TURKESTAN

Smanova A.M.¹, Chargynova G.O.²

¹PhD Associated Professor at the Kazakh National Women`s Teacher Training University. Kazakhstan, Almaty.

²PhD doctor, Senior Lecturer at Kazakh National Women`s Teacher Training University. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. This article discusses some issues related to the collapse of Yettyshar state on the territory of East Turkestan in the second half of the 19th century. At first, the local population was confident in the formation and strengthening of the Yettyshar state in East Turkestan. The founder of the state, Yakupbek Badaulet was a representative of the Central Asian peoples, and this fact also caused a sense of pride in the local population. However, the socio-political situation in the Qing Empire (the uprising of the Taiping, Uyghurs, Dungans, etc.) affected the development of Yettishar state negatively. In addition to the sociopolitical crisis, the slovenliness of the officials of the Qing Empire, their lawless actions even more aggravated the situation of the population, and this led to the uprising in Xinjiang. The underdevelopment of the state structure of the Yettyshar state and the quick demise of Yakupbek Badaulet led to fragmentation within the population and allowed the Qing Empire to intervene in government again.

Keywords: Central Asia, Yakupbek Badaulet, East Turkestan, Chinese Empire, the collapse of Yettishar state.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресей, Қытай және Ұлыбритания секілді алып империялардың мүдделері тоғысқан Шығыс Түркістанда ұйғырлардың Жетішаһар мемлекетінің құрылуы сол тұста өңірдегі геосаяси ахуалға күрделі өзгеріс ала келді. Жетішаһар мемлекетін халықаралық кеңістікте мойындату үшін оның билеушісі ірі державалармен дипломатиялық байланыс орнатты және өзіне көршілес орналасқан халықтармен түрлі деңгейдегі қарым-қатынасқа түсті. Міне, осылайша Жетішаһар мемлекеті түркі халықтарының тарихында өзіндік орынға ие болып, тарихи құбылыстың бір белесі ретінде көрінді. Бұл мемлекет өз дәуінде Орталық Азия халықтарымен және Осман империясымен байланыс жасап, олардың тарихында да өзіндік із қалдырды деуге болады. Дегенмен ішкі және сыртқы саяси шиеленістер салдарынан Жетішаһар мемлекеті күйреуді басынан кешірді.

Материалдар мен әдістері

Шығыс Түркістан жерінде құрылған Жетішаһар мемлекетінің күйреуіне қатысты арнайы зерттеу жүргізілмесе де оның жекелеген аспектілері бірқатар еңбектерде көрініс тапқан (Ш.Ш. Уәлиханов, 1985). Шығыс Түркістанда жаңа заман дәуірінде орын алған оқиғаларға және оған Орта Азия халықтарының тартылуына әсер еткен факторлар мәселесі, Жетішаһар мемлекетінің орнауы қарсаңындағы Шығыс Түркістандағы әлеуметтік-саяси үдерістерге Орта Азия халықтары өкілдерінің ықпалы белсенді түрде жүргені нақтылы мәліметтерге негізделген. XIX

ғасырдың 70-жылдардағы Англияның Орталық Азияға қатысты саясатына арналған еңбекте (Н.А. Халфин, 1957) Жетішаһар мемлекетінің Осман империясымен байланыс жасауын Англияның жымысқы әрекетінің нәтижесі ретінде сипаттап, мұндай бағам белгілі дәрежеде көрнекті қытай тарихшысы (Фань-Вэнь-лань, 1955) пікірлерімен үйлесімділік табады. «Жақыпбек және қытайлық Түркістандағы мұсылмандар көтерілісі» атты еңбекте (Цин Юань, 1951) 1864 жылғы Шығыс Түркістандағы жергілікті халықтың көтерілісіне әндіжандықтардың қолдау танытқаны және Жақыпбек Бадаулеттің билікке келуіне Қоқан хандығының елеулі әсері болғаны аталып көрсетілген. Ресей мен Қытайдың XIX ғасырдың екінші жартысы мен 1917 жылға дейінгі кезеңде Орталық Азияға байланысты ұстанған саясатын қарастырған (В.А. Моисеев, 2003) және Ресей мен Жетішаһар мемлекетінің өзара қарым-қатынасына арналған еңбегінде (С.В. Моисеев, 2006) Жетісудағы қазаққырғыз халықтары өкілдерінің Жетішаһар мемлекетімен байланысына қатысты мәліметтер берілген. Мақаланы жазу барысында жүйелілік пен пәнаралық сараптау тәсілдері қолданылды. Бұл ұстанымдық қағидалар XIX ғасырдың екінші жартысындағы Жетішаһар мемлекетінің құлауы, сол кездегі сыртқы саяси жағдайдың шиеленісуі сияқты мәселелерді сараптауға, талдауға өзіндік маңыз береді. Ретроспективалық әдіс негізінде Жетішаһар мемлекетінің күйреуі барысында орын алған әрбір құбылыс келесі бір құбылыстың себебі ретінде қарастырылды. Әрі бұл құбылыстардың басқа құбылыстармен сабақтастығын айқындау салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша жүзеге асырылды. Алынған нәтижелерді түсіндіруде сипаттап-баяндау (нарративті) әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижесі

Жетішаһар мемлекетінің бұрынғы елшісі Сейіт Жақып-хан Жақыпбек Бадаулеттің сенімді серіктерінің бірі болып табылатын Жамадир датхамен бірлесіп, Қашқарға жорық ұйымдастырмақ болды. Алайда олар күштің тең емес екенін байқап, жорық жасаудан бас тартты. Мұндай оқиғалардың орын алуы Цин империясының Шыңжаңның оңтүстігіндегі шекарасын нығайтып, онда көп әскер шоғырландыруына алып келді. Өз кезегінде патшалық Ресей де Жетісу облысындағы шекаралық жерлердегі бекіністерін күшейтіп, Түркістан өлкесіне шыңжандықтардың өтіп кетуіне және түркістандықтардың Шыңжаңға баруына тосқауыл қою бағытындағы ісшараларды жүзеге асыра бастады.

Міне, осылайша Жетішаһар мемлекеті түркі халықтарының тарихында өзіндік орынға ие болып, тарихи құбылыстың бір белесі ретінде көрінді. Бұл мемлекет өз дәуірінде Орталық Азия халықтарымен және Осман империясымен байланыс жасап, олардың тарихында да өзіндік із қалдырды деуге болады.

1875 жылы қаңтарда Қытай императоры Тунчжи қайтыс болып, оның орнына 4 жастағы Гуансуй тақ мұрагері болып жарияланды. Оның әкесі Чуня (1850-1861 жылдары Қытай императоры болған Сяньфэннің бауыры) Шығыс Түркістанды қайта жаулап алуды белсенді жақтаушылардың бірі болды. Жас императордың регенті ретінде белгіленген Цы Си (Тунчжидің анасы) Цзо Цзун-танды (Зо Зұнтаң) императордың Шығыс Түркістандағы әскери істер жөніндегі уәкілетті өкілі етіп тағайындады (Моисеев, 2003: 151). Сол кезде ең ықпалды қытай дипломаты саналған Ли Хуанчжан Шыңжаңды Қытайдан бөліп тастап, Шыңжаңда қоныстанған халықтарға өз беттерінше өмір сүруіне рұқсат беріп, барлық күшті теңіз шекараларын қорғауға жұмылдыру керек деп санады. Цзо Цзун-тан болса, қайткенде де Шығыс Түркістанда Қытай билігінің қайта орнауы тиістігін қолдады. Ол Қытайдың ішкі бөлігіндегі, яғни Ганьсу және Шэньси провинцияларындағы дүнгендер көтерілісін басқаннан кейін, Қашқар бағытында шабуыл жасауға бет бұрды (Фань Вэнь-лань, 1955: 331).

Цзо Цзун-тан жорыққа 10 айға жуық дайындық жүргізіп, 1876 жылдың ақпан айында 70 мыңдық әскермен Шығыс Түркістанға аттанды (Дәулетхан, 2013: 105). Ол әскери іс-

қимылдарды жүргізуді өз орынбасарына, генерал Лю-шоға (Ли Ю Жынтаң) жүктеді. Лю-шонның қарамағындағы әскер Қытайдағы ең мықты әскер қатарынан саналатын. Бірақ ол еуропалық елдердің әскерімен салыстыруға келмейтін (ҚырРОМА. И-160-қ., 1-т., 20-іс. 4, 6 п.).

Люшонның әскері негізінен жаяу әскерден және атты әскерден тұрды. Жаяу әскердің оннан алты бөлігінде оқпен атылатын қару болса, қалған бөлігі найзамен, қылышпен қаруланды. Оның үстіне Лю-шонның әскері азық-түлікпен нашар қамтамасыз етілді. Оның жаяу әскері қатарындағылары айына 6 лян, атты әскер қатарындағылары 12 лян ақша алатын. Олар бұл ақының есебінен өздерін тамақпен және киіммен қамтамасыз етсе, ал атты әскердегілер болса, бұнымен қоса өз аттарын қоректендіруі тиіс болды. Әскерге төленетін ақының аз болуы себепті қытайлық қолбасшылар азықтүлік мәселесін басып алынған жердегі халықтың есебінен шешуді көздеді (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470- іс. 351-352 п.).

Қытай әскері 1876 жылдың 17 тамыз күні Үрімші қаласын алды (Байтур, 2003: 317). Мұнан соң қытай әскерінің бір бөлігі Лю-шонның басшылығымен Манасқа, екінші бөлігі Тұрпанға аттандырылды. 1876 жылдың ақпан айынан қараша айына дейін дүңгендер мен ұйғырлар Манас қаласын қорғап, қытай әскерін шығынға ұшыратты. Қытай әскерінің басшылығы қамалға бекінгендерге өз еріктерімен берілген жағдайда рақымшылық жасайтынын білдірді. Бұған сенген қаланы қорғаушылар қамалдан шығып, берілді. Алайда, қытай әскери басшылары айтқан сөздерінде тұмай кәрі, жас, әйел демей 3 мыңға жуық адамды қырып салды (Моисеев, 2003: 152). Өлтірілгендердің тең жартысы дүңгендер еді. Қытай әскерінің мұндай қатал жазалау шарасы жайлы хабар Түркістан генерал-губернаторына да жетті. Осыған байланысты К.П. Кауфман өзінің «адамгершілікті қадір тұтатынын» көрсетіп қалу мақсатында Цзо Цзунтанға хат жолдап, одан дүңгендерді жазалауда шектен шыққан мейрімсіздікке, зұлымдыққа жол бермеуді өтінді (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 22 п.).

Қытай әскерінің Үрімші мен Манасты алу шаралары кезінде Жетішаһар билеушісі тарапынан мардымды әрекет жасалмады. Оның Үрімшіге дүңгендерге көмек ретінде аттандырған 2 мың сарбазы қытай әскеріне ешқандай қарсылық танытпай, шайқасқа түспей кері шегінді. Осыған қарамастан дүңгендер көтерілісі жетекшілерінің бірі болып табылатын Биянху Қашқарға келді (Davison, 2005: 152). Үрімшідегі дүңгендердің біразы Токсунға көшті. Бірақ дүңгендердің жетекшілерінің бірінен саналған Ма-Яншай Жақыпбек Бадаулеттің қол астында болуды қаламады. Ол бірқатар адамдарын Құлжадағы патшалық Ресейдің билік орнымен келіссөз жүргізуге аттандырып, өзінің қарамағындағы 2 мың дүңгенмен сонда көшуге ниет танытты (ҚРОМА. 21-қ., 1- т., 470-іс. 312 п.). Қытай әскері болса, бір жылға жуық Үрімшіде аялдап, Жетішаһарға ішкерілей еруге даярлық жасады (Байтур, 2003: 46).

Қытайдың Жетішаһармен ашық қақтығысқа түсетіні айқын сезіле түсті. Бұл өз кезегінде Бұхар әмірі Мұзаффарды да мазасыздандырған еді. Ол өзіне қарсылық білдіріп, Жетішаһарға өтіп кеткен ұлының, Әбду-Мәліктің тағдырына алаңдаушылық танытты. Бұхар әмірі Мұзаффар Кабул әмірі Шир Әли-ханды араағайындыққа салып, ұлын, Әбду-Мәлікті кері қайтырғысы келді. 1876 жылы күзге қарай Кабул әмірі Шир Әли-хан Жетішаһарға арнайы елшілік жіберіп, Бұхар әмірінің ұлын өзіне жіберуді сұрады (Русско-кашгарские отношения, 2008: 151).

1877 жылдың қаңтар айының соңында қытай билігі тарапынан Жақыпбек Бадаулетке хат жолданды. Бұл хатта қытай билігі Жақыпбек Бадаулетке қытайлық әскерге соғыс қимылдарын жүргізуге әзірше әмір бермей тұрғанын айта келіп, одан қытайлықтардың сауда жасауына жол ашуын және Тұрпанды толықтай қытайлықтар иелігіне тез арада қайтаруын талап етті. Бұл талаптарға орай Жақыпбек Бадаулет қытайлықтармен сауда жасауды қалайтындығын, ол үшін алдымен сауда келісім шартын жасау керектігін ескертіп, Тұрпанды бермейтінін білдірді. Сондай-ақ Жақыпбек Бадаулет қытайлықтар Жетішаһар иелігінен Үрімшіні, Манасты, Кутубты және т.б. елді мекендерді алғанына қанағаттанбай, Тұрпанды алуға талпынса, онда оларды

қарумен қарсы алуға әзір екенін танытты (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 129 п.).

Қытай билігінің Тұрпанды беру жөніндегі талабын орындаудан бас тартқан Жақыпбек Бадаулет соғыс қимылдарын жүргізуге әзірлік жасай бастады. Ол өзінің жаяу әскерін керек жеріне тез арада жеткізу үшін оларды аттармен қамтамасыз етуді жолға қойды. Әрбір қалада жаяу әскерге қажетті аттар ұсталды. Осыдан соң Жақыпбек Бадаулет қытайлықтарға арнайы адам жіберіп, олардан ашық шайқасқа түсетін орынды белгілеуді сұрады (Байтур, 2003: 242).

Жақыпбек Бадаулеттің бұрын Осман империясына жіберген елшісі Сейіт Жақып-хан Бомбейге келіп, 1877 жылы 5 сәуір күні Стамбұлға жол тартқан. Осман империясының Бомбейдегі Бас консулы түрік билігіне Сейіт Жақып-ханның Қашқарға кері оралмайтыны және оның Стамбұлдан Лондонға бармақ ниетте екені жайлы мәлімдеме жіберді. Сейіт Жақып-ханның Стамбұлға келуінен патшалық Ресейдің билік орындары күдіктеніп, Сейіт Жақып-ханның Осман империясында не істеп жатқанын анықтауға кірісті. Осы жәйтті тексерген Түркістан генерал-губернаторлығының дипломатиялық бөлімінің шенеунігі А.К. Вайнберг Сыртқы істер министрлігінің өкілі Н.К. Гирсқа: «Сейіт Жақып-ханның қазіргі кезде Константинопольде тұрып жатқаны рас, бірақ оның қашқарлық елші болып саналуы екіталай, ол Үндістан арқылы Түркияға өткен. Ол және оның Қашқарда қалған туыстары билеушінің рақымшылық танытуынан шеттеп қалған. Сейіт Жақып-ханға Қашқардың аумағына оралуға тыйым салынған» – деп жазды (Русско-кашгарские отношения, 2008: 158).

Стамбұлға барған Сейіт Жақып-хан Осман империясында ұзақ тұрақтамай Лондонға барды. Лондонда Англияның Сыртқы істер министрлігі сондағы Қытай елшісімен Сейіт Жақып-ханның құпия кездесуін ұйымдастырды. Осы кездесудің негізінде Англия Қытай билігіне Жақыпбек Бадаулетті Қытайға тәуелді әмір ретінде мойындау, Қашқар мен Қытай арасындағы шекараны белгілеу және олардың қажет жағдайда бір-біріне көмек көрсетуі жөнінде ұсыныс түсірді. Бірақ Англияның мұндай ұсынысына Цзо Цзун-тан қарсы болды (Ходжаев, 1979: 93-94).

Қытайлықтар Тұрпанға екі жақтан шабуыл жасау барысында көп адамынан айырылып, Үрімшіге кері шегінуге мәжбүр болды. Осыдан соң қытайлықтар әбігерленіп қалды. Бірақ сол тұста Тұрпаннан 300-ге жуық жетішаһарлық сарбаз қытайлықтар жағына өтіп кетті. Лю-шо бұл сарбаздарды жақсы қарсы алып, оларға бұрын шұғылданған жұмыстарымен айналысуға кеңес берді. Бұл қашқындардың бірқатары қытайлық әскер құрамына қабылданды (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 220 п.). Осыдан соң Жақыпбек Бадаулет Тұрпанға 3 мың сарбаз аттандырды. Алайда бұл әскер Тұрпанда қытай әскерімен шайқасқа түспей, қытайлықтар қолына берілді. Қытайлықтар оларды қарусыздандырып, әрқайсысына 5 лян ақша беріп, босатып жіберді (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 500 п.).

Қытайлықтарға қарсы шара қолданбаған Хаққұли-бекті Жақыпбек Бадаулет өзіне, Курляға тез арада келуді талап етті. Бірақ жазаға тартыламын ба деп қорыққан Хаққұли-бек түрлі сылтау айтып, Курляға келуден тартқыншақтады (Ресалэ-и-Якуби, 1940: 135). Сол тұста Жақыпбек Бадаулеттің денсаулығы нашарлап, Курля қаласында 13 күн бойы ем қабылдап жатыр еді. Оған қытайлықтардың тегеурінімен Тұрпанды тастап кеткен хәкім Хуан төре (Хәкім-хан төре) келді. Жақыпбек Бадаулет Курлядағы өзінің сенімді деген адамдарымен (оның құрамында Хәкім-хан төре және Хотанның хәкімі Ниязбек болған) пікірлесіп, ол Жетішаһарға билеуші ретінде өзінің ұлдарының мұрагер болғанын қаламайтындығын білдірген (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 226 п.). Жетішаһар билеушісінің мұндай пікір білдіруі өз ұлдарының қытайлықтарға тойтарыс беруді ұйымдастыра алмауына байланысты туындаса керек. Жақыпбек Бадаулет мұнан соң көп ұзамай, 1877 жылы 30 мамыр күні 58 жасқа қараған шағында жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Жақыпбек Бадаулеттің қазасына қатысты архивтік деректер бар. Сондай деректердің бірінде Жақыпбек Бадаулеттің өзінің қызметшісі Айт ахунның у беруімен ажал құшқаны, у беруді Хотанның хәкімі Ниязбек ұйымдастырғаны айтылып, бұл қастандықтың іске асырылуы

былайша сипатталады: «У беру үшін Айт ахун Ниязбектен 1200 лян ақша алды. У беру Курля қаласында, түс ауа, сағат 5 шамасында шайға қосу арқылы жүзеге асырылды. Уланған шайды ішкен соң, Жақыпбек асқазанының қыжылына шағымдана бастады. Мұнан соң ол қан құсып, көз жұмғанша ешнәрсе айтпады. Жақыпбек таң атайын деп қалған кезде қайтыс болды» (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470- іс. 54 п.).

Камил-хан ишан «Ресале-и Якуби» шығармасында Жақыпбек Бадаулетке у беруді ұйымдастырған Хотанның хәкімі Ниязбек еді дей отырып, бұл іске Жақыпбек Бадаулеттің ұлы Хаққұли-бектің де қатысы болғанын айтады (Ресалә-и-Якуби, 1940: 135). Қ. Халид өз еңбегінде қытай әскеріне тойтарыс бере алмай, «бейшаралық күй кешкен» Жақыпбек Бадаулетке халық наразы болып, «халықтың жаппай наразылығы бектерге қозғау салып», олар билеушіні «у беріп өлтіреді» дейді (Халид, 1992: 47). Ал Сыздық Кенесарыұлы болса, Жақыпбек Бадаулет өз ажалымен қайтыс болды, яғни оған ешкім у берген жоқ деген пікір білдірген (Кенесарыұлы, 1992: 48).

Өзбекстандық тарихшы А. Ходжаев Жақыпбек Бадаулет «циндік тыңшы Нияз хәкім-ханның у беруімен өлді» десе (Ходжаев, 1979: 93-94), қытай тарихшысы А. Байтур Цин әскеріне қарсы күресте қиындықтан шығу жолын таба аламаған Жақыпбек Бадаулет «Курля қаласында у ішіп, өзін өлтірді» дейді (Байтур, 2003: 317). Жетішарға 1876 жылы патшалық Ресейдің елшілігін бастап барған, Жақыпбек Бадаулетпен келіссөз жүргізген А.Н. Куропаткин өз еңбегінде оны қытайлармен күрестегі сәтсіздіктеріне күйініп у ішетіндей адам емес еді және Жақыпбек Бадаулетті өлтіруге оның ұлдарының қатысы бар деу негізсіз деп санайды. Оның мұндай пікірін Жақыпбек Бадаулеттің жанында болған түрік әскери нұсқаушысы Заман-бей де растаған. Ол 1878 жылы А.Н. Куропаткинге жолыққанда оған Жақыпбек Бадаулетке у беруі мүмкін емес еді, өйткені ол ешкімге беріліп сенбейтін, барлық іске, «ат қора мен асханадан бастап, мемлекеттік маңызды істердің бәріне өзі тікелей араласатын» деп айтқан (Куропаткин, 1879: 211-212).

Сыздық Кенесарыұлының айтуына қарағанда, Жақыпбек Бадаулет қайтыс болардан алдын өзіне жақын тұтқан адамдарға өсиет те қалдырған, бірақ ол өсиет орындалмаған (Кенесарыұлы, 1992: 45). А.Н. Куропаткиннің еңбегіндегі мәлімет бойынша ол өсиет Жақыпбек Бадаулет өзінің мұрагері ретінде үлкен ұлы Бекқұли-бекті қалдырғысы келетініне байланысты болса керек деген пікірге жетелейді (Куропаткин, 1879: 213). Бірақ архивтік құжаттардың бірінде Жақыпбек Бадаулет мұрагер ретінде Хуан төрені (Хәкім-хан төре) белгілегені, Хуан төре билеуші болудан бас тартып, билеуші ретінде Бекқұли-бекті ұсынып, оның бұл жөнінде Қашқардағы Бекқұли-бекке арнайы хабаршы жібергені айтылады (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 226 п.).

Жақыпбек Бадаулеттің қазасы алдымен оның Токсундағы ұлы Хаққұли-бекке хабарланды. Ол Курляға келген кезде елдегі билікті өз қолына алғысы келетінін танытты. Мұны аңғарған Ниязбек қулыққа көшіп, Хаққұли-бек пен Хәкім-хан төренің арасына ушықтыруды ойластырып, Хәкім-хан төрені елдің билеушісі болуға азғырды. Сосын Ниязбек Хотанға кетіп қалып, өзін Жетішарға тәуелсіз билеушімін деп жариялады (Ресалә-и-Якуби, 1940: 135).

Жақыпбек Бадаулеттің өлімі Жетішардың әскери, қоғамдық, рухани ахуалын күрт нашарлатып кетті. Ішкі қырқыс, тақ талас өршіп, төніп келген қытай әскеріне төтеп береліктей біріккен күштен айырылып қалды (Дәулетхан, 2013: 107). Түркиялық тарихшы М. Сарай Жақыпбек Бадаулеттің кенеттен қайтыс болуы «Қашқар халқының тәуелсіздігін жоққа шығарды. Жақып ханның Түркістанда үлкен ерлігімен және қаһармандығымен құрылған, Түрік және Британ империяларының жәрдемі арқылы дамыған Қашқар мемлекеті оның өлімімен бір қиын қарбаласқа түсті», -деп жазды (Saray, 1994: 113-114).

Қытай тарихшысы Фань Вэнь-ланьның еңбегінде Жақыпбек Бадаулеттің қазасына қатысты мынандай мазмұндағы пікір білдіріледі: «Жақыпбек – жатжерлік, Шыңжаң тұрғындарына бөтен,

ағылшындардың қолшоқпары, түрік сұлтанының қызметшісі және Шыңжаңды қоныстанған халықтардың жауы. Оның жеңілуі әрі қаза табуы осы халықтардың мүддесіне сай келді» (Фань Вэнь-лань, 1955: 332).

Қытай әскері Жақыпбек Бадаулеттің өлімінен кейін Сайрам, Бай, Куча және Янгигисар қалаларын алды. Бұған қытай әскері Лю-шонь әскери шеберлігінің арқасында емес, Жақыпбек Бадаулеттің қазасынан соң Жетішаһарда орын алған анархияға байланысты қол жеткізді (ҚРОМА. 21-к., 1-т., 470-іс. 354 п.). Ақсуға қарай бет алған қытай әскері дүңгендерден құрылған жасақтың соққысына ұшырады. Ақсудан төрт шақырымдай қашықта болған шайқаста қытай әскері жеңіліс тауып, кері шегінді. Дүңгендер қытай әскерін Маралбасы бекінісінен асыра қуғындады.

Жақыпбек Бадаулеттің денесі Қашқарға әкелініп, Аппақ қожа мазары маңына жерленгеннен кейін Жетішаһарда билік үшін өзара күрес өршіді (ҚРОМА. 21-к., 1-т., 470-іс. 226 п.). Хаққұли-бек өзін билеуші ретінде жариялағысы келді. Бекқұли-бек болса, оны өзінің басты қарсыласы санады. Курляда қалған Хәкім-хан төре сондағы әскердің қолдауымен өзін хан деп жариялады. Мұны естіген Хаққұли-бек Курляға, Хәкім-хан төреге қарсы аттанды. Бекқұли-бек осы сәтті пайдаланып, Махмед-зия деген өз адамын оның соңынан жіберіп, 11 маусым күні оны өлтіртті. А.Н. Куропаткин Хаққұли-бектің өліміне қатысты тағы да бір мәлімет барын, ол мәлімет бойынша, Бекқұли-бек Хаққұли-бекті қарсы алып, оны амандасу кезінде тапаншамен атып өлтіргенін айтады (Куропаткин, 1879: 213). Қашқардағы билікті алған Бекқұли-бек жергілікті халық тарапынан тегіс қолдауға ие бола қойған жоқ Мұны Н Н Пантусовтың ұйғыр халқының ауыз әдебиеті үлгілеріне қатысты 1901 жылы жариялаған материалдарының мазмұнынан да аңғаруға болады. Мәселен, оған енген Бекқұли-бек жөніндегі «Бек-баче» деген жырда ол өз бауырын, «жігіттердің басшысын» өлтіріп, жаманшылық шақырған адам ретінде суреттеліп, «Жақыпбектен айырылған соң, халықтың басына пәле үйірілді», «енді қайдан табылсын, Жақыпбектей билеуші» делінеді (Пантусов, 1901: 27-31).

Сырттан көмек алуға қол жеткізе алмаған Бекқұли-бек енді өз әскерінің күшімен Жетішаһар аумағын біріктіру әректіне көшті. Ол 5 мың әскермен Ақсуға, Хәкім-хан төрені бағындыруға аттанды. Хәкім-хан төре оған 4 мың атты әскерін қарсы қойды (Куропаткин, 1879: 214). Тәжірибелі әскердің және зеңбіректердің көбі Хәкім-ханның қолында болды. Бекқұли-бек өз әскерін беске бөліп, оларды басқаруды Сыздық Кенесарыұлына, Омарқұл паруанашыға, Жамадир датхаға, Алдаш датха мен Масейіт пансатқа тарсырды. Алдыңғы сапта үш әскербасы – Масейіт, Алдаш, Омарқұл, кейінгі сапта Сыздық Кенесарыұлы мен Жамадир датха жүретін болды. Маралбасы бекінісі маңындағы жайда деген жерде алдыңғы саптағылар Хәкім-хан төренің әскерімен кездесіп, онымен соғысты. Бастапқы кезде Бекқұли-бектің әскері басымдық танытып еді, бірақ кейінірек Хәкім-хан төре жеңіп, Бекқұли-бектің зеңбіректері мен біраз адамын қолға түсірді. Жеңілген қолбасылар аздаған әскерімен қашып шықты.

Әскерінің жеңіліс тапқанына қапаланған Бекқұли-бек кеңес құрғанда қолбасылардың әрқайсысы әркелкі пікір білдірді. Кеңесте Сыздық Кенесарыұлы сөз алып, жеңіліп, Қашқарға баруға болмайды, қайтып баратын болсақ билікті қолда ұстап тұру қиындай түседі, «бір Аллаға сыйынып соғысуымыз керек» деген пікірде екенін білдірді. Сыздық Кенесарыұлының соғысты жалғыстыру жөніндегі ұсынысы Бекқұли-бекке ұнады. Ол қолында қалған әскермен таң алдында Хәкім-хан төреге шабуылдады. Шабуыл басталғанда Хәкім-хан төре де өз әскерін сапқа тұрғызып үлгерген еді. Бекқұли-бек пен Хәкім-хан төренің әскері бір-бірімен жеті сағат бойы мылтықпен де, зеңбірекпен де атысып, шайқасқанда Хәкім-хан төренің мың жеті жүз адамы қолға түсіп, қалған әскері қарсы тұра алмай, Бекқұли-бек жағына шығуға мәжбүр болды. Жеңілген Хәкім-хантөре қашып құтылды. Осы жеңістен соң Бекқұли-бек Ақсуға барып, онда бір ай тұрып, сол төңіректегі елді мекендердің бәрін өзіне бағындырғаннан кейін Қашқарға

оралды (Кенесарыұлы, 1992: 45-46). Ол Қашқарға қайтарында Ақсудағы бекіністің бастығы етіп қырғыз Әбдірахман датханы тағайындады (Русскокашгарские отношения, 2008: 178). Қашқарға келгеннен кейін Бекқұли-бек Хотандағы Ниязбекке қарсы жорық жасауға әзірлік жүргізді. Ол даярлықтан соң Хотанға аттанды (ҚРОМА, 5007: 65-п). Өз әскерімен жиырма күн бойы жол жүріп, Хотанға таяп қалғанда Ниязбек 25 мың әскермен қарсы шықты. Бекқұли-бек Сыздық Кенесарыұлы мен Алдаш датханы он мың әскермен шайқасқа шығарды. Шабуыл нәтижесінде Ниязбектің әскері талқандалып, олардың аман қалғандары Цин билігі қайта орнаған өңірге қарай қашты. Мұнан соң Бекқұли-бек Хотанға барып, қазынаның есебін алып, қала тұрғындарын тыныштандырды (Кенесарыұлы, 1992: 46). Хотанның хәкімі етіп Мұхаммед Еминбекті тағайындады (Ресалэ-и-Якуби, 1940: 135).

Мұсылмандықты қабылдап, Жетішаһар билігін мойындаған қытайлықтар Қашқардың маңында жеке жерге қоныстандырылған болатын. Олар Ақсу жақтан қытай әскері келе жатыр дегенді естіп, астыртын әрекет жасап, түнде Қашқарға кіріп, қаланы алды. Бекқұли-бек Қашқарға келіп, оған шабуыл жасағанымен еш нәтиже шығара алмады. Қашқардың қытайлықтардың орнығып алуына Бекқұли-бектің әскері оның өзін кінәлі деп санады. Егер Бекқұли-бек өз отбасын Яркендке көшірмегенде қытайлықтар Қашқарға кіруге бара қоймас еді деп есептегендер біртіндеп әскер қатарынан кете бастады. Сөйтіп, Бекқұли-бектің сарбаздарының саны күн өткен сайын азая түсті (Куропаткин, 1879: 214).

Қытай тарихшысы Вей Юань Шыңжаңның оңтүстігіне Цин билігінің қайта орнату жергілікті халық тарапынан қатты қарсылыққа ұшырай қойған жоқ дей отырып, бұл жайлы пікірін былайша білдіреді: «Қашқарияны қытайлықтар қарсылықсыз-ақ алды деуге болады. Қытай қолбасшылары Пекиндегі үкіметке бүлікшіл топқа қарсы жорығы жайлы мәлімдемелерінде мұны барынша асыра көрсетті. Қашқарды алу барысында ешқандай да үлкен және мықты бүлікшілер тобы қарсылық білдірмеді. Бұл кезде елде мұндай күш болған да жоқ. Қашқарияға жеңіл ие болу жергілікті тұрғындар арасында Қытай үкіметінің беделі мен мықтылығын көрсететіндей пайда әкелген жоқ».

Жетішаһар аумағының тұрғындарын Лю-шо қырғынға ұшыратумен қатар, Цин билігін мойындағандарға рақымшылық та жасады (Алдабек, 2003: 222). Ол өзінің «қайрымды» әрі «кешірімді» екенін халыққа көрсетіп қалғысы келді. Сөйтіп, ол Жақыпбек Бадаулеттің қытайлықтардың қолына түсіп қалған ұлы Ишанқұли-бекті екі әйелімен және 7 қызметшісімен бірге Янгишаһарға орналастырып, ерекше қамқорлыққа алуды бұйырды. Осыдан кейін Лю-шо жергілікті халыққа ізгі ниетте екенін білдіру мақсатында Жақыпбек Бадаулеттің қабірінің басына барды. Ол қабір басында, көпшілік алдына шығып Жақыпбек Бадаулет жөнінде былай деді: «Жақыпбек, сенің қызметің біздің Богдыхан үшін әрқашан қымбат болды. Сенің орның ерекше құрметке ие еді. Құдай сені құлдыратуға дейін жеткізбеді. Сен өлдің. Сенің балаң (Бекқұли-бек) жастығына байланысты халықты басқара алмады. Ол бізге қызмет етпеймін деп босқа қашты» (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 126 п.).

Жетішаһар аумағында Цин билігін қайта орнату барысында оның халқы жаңа қиыншылықтарға тап болғанын қытайлық тарихшы Вей Юаньның былай деп жазғанынан да аңғаруға болады: «Қытай әскери қолбасшылары отырықшы Қашқарияны жаулап алған соң мейрімді тәртіп пен әділдік орнатудың орнына, өзара қырқыстан, үрейден қалжырап, өздеріне қарсылықсыз берілген бейбіт тұрғындарға қысым көрсетіп, оларды тонады. Дәулетті адамдар аяусыз жазалаумен қорқытылып, олардың ақшасы, мүлкі, тауарлары тартылып алынды және тұрғындардың қолындағы жылқылар түгелге дерлік әскерилерге берілді. Жуырда болған бүлікті, елді өз қолына алуға тырысқан топтар арасындағы тартысты бастан кешкен тұрғындарға шамасы жетпейтін, ауыр алым-салық салынды. Бұған қоса тұрғындар отын сабын және астық тапсыруға міндетті болды Олар Упал мен Марал жаққа жіберіліп, таудан ағаш кесіп, оны

тасмалдауға, өзендерді бөгеп, шөл даладан тоғандар мен су қоймаларын жасауға пайдаланылды. Осындай міндеттеме біртіндеп, бірнеше жылға созылып, ауыр жұмыстан және аштықтан көптеген адам қаза тапты. Қытай әскери қолбасшылары елді жаулап алудың бастапқы кезінде тұрғындардың санасына өз күшінің мықтылығын сіндіре алмай, еш пайдасы жоқ қорқытушылыққа жүгінді. Мұндай әрекет қарсылық таныту белгілерін доғарған елге пайдасыз ғана емес, зиян да еді. Олар қулықпен қайырымдылық танытуға уәде беріп, тұрғындар арасындағы қадірменді, қытайлықтарға еш жаман нәрсе істемеген, кінәсіз кісілерді шақыртып алып, оларды өлім жазасына кесті. Аса қадірменді әрі ықпалды Сарықол бегі Әліпбекті Қашқарға жеткен бойда бірден, тез арада қытай шенеунігіне келмегені үшін таяқпен дүреге жықты. Олар осы әрекеті үшін өздерін ұзақ уақытқа Сарықол тұрғындарының сеніміне ие болудан айырды. Басқалар секілді пара беріп, жазадан құтылуға мүмкіндігі жоқ көптеген кінәсіз адамдар айдауға жіберілді. Мұндай әділетсіз әрекеттер қытайлықтар үстемдігіне тұрғындар тарапынан сүйіспеншілік пен құрмет туғыза қоймайтыны түсінікті. ... Күш емес, оның жоқтығы әрі күшті секілді көрінуге деген талпыныс қытайлықтарды осындай маскара іске баруға итермеледі. Бұл елді жауланғаннан кейінгі жылы, тіпті үш жыл өткен соң да Шыңжаң тұрғындарының көпшілігінің орыс иелігінде тұруға тілек білдіруіне түрткі болды» (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 166 п.).

Бекқұли-бектің Шыңжаңның оңтүстігіне сәтсіз жорық жасаған 1881 жылы Петербургте қытай-орыс келіссөзі өтіп, Құлжаны Цин империясына қайтару келісілген болатын. Осы келіссөздің жүргізілуі қарсаңында патша өкіметінің жоғары лауазымды шенеуніктері ішінде Орталық Азияда Цин империясы мен Ресей империясы арасында буферлік зона қалыптастыру, яғни Шығыс Түркістанда бірнеше мұсылмандық мемлекет құру жөнінде идея көтергендер болды. Мұнда идеяны жақтаушылардың бірі Соғыс министрі Д.А. Милютин еді. Ол 1880 жылы Үрімші мен Манаста дүңгендер мемлекетін, Қашқарда ұйғыр-өзбек мемлекетін құру жөнінде пікірін Түркістан генералгубернаторы К.П. Кауфманмен бөлісті. Соғыс министрінің пікіріне К.П. Кауфман қолдау білдіріп, Үрімшіге Биянхуды, ал Қашқарға Бекқұли-бекті билеуші етіп қойғанды жөн санайтынын танытты (Моисеев, 2003: 194-195). Бірақ олардың бұл ой 1881 жылғы Петербург келісімі негізінде жүзеге аспай қалды. Оның үстіне Бекқұли-бек Осман империясының қолдауына сеніп, Қашқарға жорық жасауы кезінде қаза тапқан еді (Үявүз, 2003: 47). Сондай-ақ, мұның артынша, 1882 жылы дүңгендердің жетекшісі Биянху қайтыс болды. Қытай билігі болса, Биянхудың мүрдесін көрден қазып әкетуге әрекеттеніп, оны жүзеге асыру үшін Жетісу облысының Тоқмақ уезіне өз шолғыншыларын жіберіп жатты (Поярков, 2017: 146).

Оңтүстік Шыңжаңға таяу маңдағы Ақтас деген жерге күйреген Жетішаһар мемлекетінің Жамадир датха және Сейіт Жақып-хан секілді танымал адамдарының отрядпен келуі қытайлықтарды үрейлендірді. Қытай билігі бұл отрядтың әрбір қимылын бақылаушылар арқылы қадағалауға алды. Бұл жәйт патша өкіметінің билік орындарын да әбігершілікке түсірді. Осы оқиғаға байланысты Дала генерал-губернаторы Жетісу облысының әскери губернаторына мынандай шараларды қолға алуды тапсырды: «1) Қашқариядағы жағдай туралы мәліметтер жинастыру; 2) дүңгендерге, әсіресе олардың бұрынғы көсемдері мен өзінің ықпалы жағынан әрі қызметімен танымал тұлғаларына қадағалауды күшейту; 3) Тоқмақ және Ыстықкөл уездеріндегі, Қашқариямен шектесетін өңірлердегі қырғыз тұрғындарының шекарадан өтіп кетіп, қытайлық иеліктерде бейберекеттік туғызбауын қадағалау; 4) жергілікті мұсылман тұрғындары арасына бұрынғы Жетішаһар аумағындағы қожалардың еніп, өздеріне қолдау іздеу әрекетіне тосқауыл қою» (ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс. 90 п.).

Жамадир датха мен Сейіт Жақып-ханның Шыңжаңның оңтүстігіне шекаралас жерге әскер шоғырландырып, патшалық Ресей мен Цин империясын састырғанымен, шабуыл жасай қойған жоқ. Бәлкім, олар өздерінің мұндай әрекеті нәтижелі бола қоймайтынын аңғарса да керек.

Өйткені, қытай билігі сол кезде өзінің әскерін Шыңжаңның оңтүстігіндегі шекараларға шоғырландыруды қарқынды түрде жүргізе бастады. Сонымен қатар патшалық Ресей билігі де Шыңжаңның оңтүстігіндегі бейберекеттік өз иелігіндегі, әсіресе, Жетісу өңірінің жергілікті тұрғындарына теріс ықпалын тигізетінін сезініп, шекаралық аймақтарды күзетуді күшейте түскен еді. Осыған орай патша өкіметі Қашқарға жаңадан консул ретінде тағайындалған Н.Ф. Петровскийге берген нұсқауларында бұл өңірге ағылшын тауарларының тасамалдануын деңгейін анықтауда бастап, Ресей иелігіндегі халықтардың қандай өкілдері қашқарлықтармен байланыс жасайтынын және қашқарлықтадың Түркістан өлкесіндегі халықтарға қатысты ұстанымын анықтау тапсырылған болатын (Императорская Россия. 2006: 112-116). Осыдан соң патшалық Ресейдің иелігіндегі халықтар Шыңжаңның оңтүстігінде орын алған оқиғаларға тартылуы барынша бәсеңдей түсті. Себебі, Қашқардағы орыс консулдығы Ресей иелігінен келген адамдарды мұқият қадағалауға алып, олардың іс-әрекетін тиесілі билік орындарына жеткізіп отырды.

Қорытынды

Жалпы қорыта айтқанда, Жетішаһар мемлекетінің күйреуі оның даму деңгейінің төмен дәрежеде болуына және Жақыпбек Бадаулеттің қазасынан кейін ел ішінде орын алған бейберекеттікке байланысты болды. Бұл өз кезегінде Жетішаһар мемлекеті аумағында Цин империясы билігінің қайта орнауына алғышарт қалыптастырды. Қытай билігінің тегеурінімен көптеген жетішаһарлықтар патшалық Ресей иелігіне өтті. Олардың бірқатар өкілдері Жетішаһарды қайта қалпына келтіру жолындағы әрекеті нәтижесіз аяқталды. Жетішаһарға Осман империясының қолдау танытатындай мүмкіндігі болмады. Осыдан соң патшалық Ресейдің иелігіндегі халықтар Шыңжаңның оңтүстігінде орын алған оқиғаларға тартылуы барынша бәсеңдей түсті. Себебі, Қашқардағы орыс консулдығы Ресей иелігінен келген адамдарды мұқият қадағалауға алып, олардың іс-әрекетін тиесілі билік орындарына жеткізіп отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Алдабек Н. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 432 б.
- Байтур А. Кыргыз тарихы (Қытайлық кыргыз окумуштуусунун изилдө өлерүнде). – Бишкек: «Бийиктик». – 2003. – 348 б.
- Дәулетхан Ә. Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық дәуірі әдебиеті (1679-1949). – Алматы: «МИР» баспа үйі, 2013. – 367 б.
- Davison R. H. Osmanlı İmparatorluğu'nda Reform. 1856-1876. – Istanbul: Agora Kitaplığı, 2005. – 510 s.
- Императорская Россия и мусульманский мир (конец XVIII – начало XX в.). Сборник материалов. / Составитель Д.Ю. Арапов. – М.: «Наталис», 2006. – 480 с.
- Кенесарыұлы С. Кенесары және Сыздық сұлтандар / Қазақ тіліне аударған – Ғ. Ахмедов. – Алматы: «Жалын», 1992. – 48 б.
- Куропаткин А.Н. Кашгария. Историко-географический очерк страны ее военные силы, промышленность и торговля. – СПб.: Типография М.С. Балашева, 1879. – 435 с.
- ҚРОМА. 21-қ., 1-т., 470-іс.
- ҚырОМА. И-160-қ., 1-т., 20-іс. Моисеев В.А. Россия и Китай в Центральной Азии (вторая половина XIX в. – 1917 г.). – Барнаул: «Азбука», 2003. – 346 с.
- Пантусов Н.Н. Материалы к изучению наречия илийского округа. Стихотворения о Якуб-беке, государе Кашгарии, и о событиях его времени (таранчинский текст, русская транскрипция, ноты и русский перевод). – Казань: Типо-литография императорского университета, 1901. – 41 с.
- Поярков Ф.В. Последний эпизод дунганского восстания (Маленькая страничка из прошлой жизни Семиречья) // Дунгане: история и культура: российские дореволюционные работы о дунганах / Составитель М.Р. Мадиван. – М.: «Наука» - Восточная литература, 2017. – 335 с. (С.124-1181).
- Ресалэ-и-Якуби (Воспоминания о Якуб-беке кашгарском Камиль-хана-ишана) // Историк-марксист. – 1940. – №3(79). – С.127-135.

Русско-кашгарские отношения в 60-х-70-х гг. XIX в. Документы и извлечения / Сост. С.В. Моисеев. – Барнаул: «Азбука», 2008. – 236 с.

Saray M. Rus İğali Devrinde Osmanlı Devleti ile Türkistan Hanlıklıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775-1875). – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi 1994. – 181 s.

Yavuz N. XIX. Yüzyilin İkinci Yarısında Kaşgar Emirliğiyle Osmanlı Devleti Arasındaki İlişkiler ve Ali Kazım İbrahim Efendinin Layihası // Gazi Üniversitesi Cazi Eğitim Fakültesi Dergisi. – 2003. – №2. – 41- 60 s. Фань Вэнь-лань. Новая история Китая. 1840 – 1901. – Т.1. /Перевод с китайского Р.В. Вяткина, Б.Г. Мурадова. – М.: Издательство иностранной литературы, 1955. – 600 с.

Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих). – Алматы: «Қазақстан», 1992. – 304 б.

Ходжаев А. Цинская империя, Джунгария и Восточный Туркестан (колониальная политика Китая во второй половине XIX в.). – М.: «Наука», 1979. – 128 с.

REFERENCES

Aldabek N. Tarihy talqyǵa toly Shyńjań. – Almaty: «Qazaq unıversıteti», 2003. – 432 b.

Baitur A. Kyrgyz taryhy (Kytaılyk kyrgyz okumushtusunun ızıldolerunde). – Bıshkek: «Bıktık». – 2003. – 348 b.

Daulet Khan A. Shygys Turkistan halyqtarynyn ult-azattyq dauiri adabıeti (1679-1949). – Almaty: «MIR» baspa uıı, 2013. – 367 b.

Davison R.H.Osmanlı İmparatorluǵında Reform. 1856-1876. – Istanbul: Agora Kitaplıǵı, 2005. – 510 s.

Imperatorskaya Rossiyaımusul'manskiymir (konets XYIII – nachalo XX v.). Sbornik materialov. / Sostavitel D.YU. Arapov. – M.: «Natalis», 2006. – 480 s.[Imperial Russia and the Muslim World (late 18th - early 20th century). Collection of materials. / Compiled by D.Yu. Arapov]– M.: «Natalis», 2006. – 480 p.[in Russian].

Kenesaryuly S. Kenesary jáne Syzdyq sultandar / Qazaq tiline aýdarǵan – Ğ. Ahmedov. – Almaty: «Jalyn», 1992. – 48 b.

Kuropatkin A.N. Kashgariya. Istoriko-geograficheskiy ocherk strany yeye voyennyye sily, promyshlennost i tovgovlya. [Kuropatkin A.N. Kashgaria. Historical and geographical outline of the country, its military forces, industry and trade] – SPb.: Printing house M.S. Balasheva, 1879. – 435 p. [in Russian].

KR OMA. 21-q., 1-t., 470-is. KurR OMA. I-160-q., 1-t., 20-is.

Moiseyev, 2003 - Moiseyev V.A. Rossiyaı Kitay v TsentralnoyAzii (vtorayapolovinaXIX v. – 1917 g.). [Moiseev V.A. Russia and China in Central Asia (second half of the 19th century - 1917)]– Barnaul: "Azбука", 2003. – 346 p.]. [in Russian].

Pantusov N.N. Materialy k izucheniyunarechiiyliyskogookrugı. Stikhotvoreniya o Yakub-beke, gosudare Kashgarii, i o sobytiyakhyegovremeni (taranchinskiytekst, russkayatranskriptsiya, notyrusskiyperevod). [Pantusov N.N. Materials for the study of the dialect of the Ili district. Poems about Yakub-bek, the sovereign of Kashgar, and about the events of his time (Taranchin text, Russian transcription, sheet music and Russian translation)] - Kazan: Typographic lithograph of the Imperial University, 1901. – 41 p.[in Russian].

Poyarkov F.V. Posledniy epizod dunganskogo vosstaniya (Malenkaya stranichka iz proshloy zhizni Semirechya) // Dungane: istoriya i kultura: rossiyskiye dorevolyutsionnyye raboty o dunganakh / Sostavitel M.R. Madıvan [Poyarkov F.V. The last episode of the Dungan uprising (A small page from the past life of Semirechye) // Dungan: history and culture: Russian pre-revolutionary works about the Dungan / Compiled by M.R. Madıvan] – M.: "Science" - Eastern Literature, 2017. - 335 p. (S. 124-1181). [in Russian].

Resale-i-Yakubi (Vospominaniya o Yakub-bekeka shgarskom Kamil-khana-ishana) // Istorik-marksist. [Resale-i-Yakubi (Memories of Yakub-bek of Kashgar Kamil-khan-ıshan) // Historian-Marxist] – 1940. –№. 3 (79). – S. 127-135.[in Russian].

Russko-kashgarskiye otnosheniya v 60-kh-70-kh gg. XIX v. Dokumenty I izvlecheniya / Sost. S.V. Moiseyev. [Russian-Kashgar relations in the 60s-70s XIX century Documents and Extractions / Comp. S.V. Moiseev] – Barnaul: «Azбука», 2008. – 236 p. [in Russian].

Saray M. Rus İğali Devrinde Osmanlı Devleti ile Turkistan Hanlıklıkları Arasındaki Siyasi Munasebetler (1775-1875). – Ankara: Turk Tarih Kurumu Basımevi 1994. – 181 s.

Yavuz N. XIX. Yüzyilin İkinci Yarısında Kaşgar Emirliğiyle Osmanlı Devleti Arasındaki İlişkiler ve Ali Kazım İbrahim Efendinin Layihası // Gazi Üniversitesi Cazi Eğitim Fakültesi Dergisi. – 2003. – №2. – 41-60 s.

Fan Ven-lan. Novaya istoriya Kitaya. 1840 – 1901. – Т.1. /Perevod s kitayskogo R.V. Vyatkina, B.G. Muradova.[Fan Wen-lan. New history of China. 1840 - 1901. - Vol. 1. / Translated from Chinese by R.V. Vyatkina, B.G. Muradov] – M.: Publishing house of foreign literature, 1955. – 600 p.[in Russian].

Halıd Q. Tauarıl hamsa (Bes tarıh). – Almaty: «Qazaqstan», 1992. – 304 b.

Hodzhayev A. Tsinskaya imperiya, Dzhungariyai Vostochnyy Turkestan (kolonial'naya politika Kitaya vovtoroy polovine XIX v.). [Khodjaev A. The Qing Empire, Dzungaria and East Turkestan (the colonial policy of China in the second half of the 19th century)]. – M.: "Science", 1979. – 128 p. [in Russian].

МАЗМҰНЫ

Абикова Г.М., Бегімова М.Қ. ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ СИРЕК КІТАПТАРЫ МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР	5
Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ҚАЛАСЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ	18
Асанова Г.К. А.И. ЛЕВШИННИҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНЫҢ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	36
Асанова Г.К. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ШЫҒЫС (ЕУРОПАЛЫҚ ЕМЕС) ЖОЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	52
Бисембаева Л.А., Әлімбаев Ұ.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫС ОҚУ ОРЫНДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ӘСЕРІ (XIX ғ. II жарт. -XX ғ. басы).....	65
Борбасов С.М. «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ СЕРЕКЕЛЕРІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ҚАЛЫПТАСУЫ ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	78
Жаңабаев Қ., Түргенбаева А.Ш., Шотанова Г.А. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ЖЫРДЫҢ «ФОРМУЛЬДІК СТИЛЬ» МЕН ТІЛ.....	100
Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Тұран Н. ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨНДРЕГІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
Кәрімов М.Қ., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА БЕЙІМДЕЛУІ (XIX ғ. – XX ғ. басы).....	129
Нұрбай Қ.Ж. XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕ.....	145
Оразбаева Ф.Ш. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....	159
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	177
Сәтенова М.Р. ЦИН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОСЫ ТҮРҒЫДА РЕСЕЙМЕН ТЕКЕТІРЕСІ.....	191
Сманова А.М., Чаргынова Г.О. ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖЕТШАҒАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ КҮЙРЕУІНЕ ҚАТЫСТЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР.....	205
Турмахан Н. ЕРТЕ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА (тарихнамалық шолу).....	216
Уалтаева А.С., Досымқары С.М. КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ-ҚАЗАҚСТАН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.....	226
Удербаетова С.К. ЖЕТІСУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ БОЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ, ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX-XX ғғ. БАСЫ).....	236
Якубов И.Х., Нуриддинов У. АМЕРИКАНДЫҚ ӘСКЕРЛЕРДІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛУЫНЫҢ САЛДАРЫ. ӨЗБЕКСТАНДЫҚ КӨЗҚАРАС ТҮРҒЫСЫНАН.....	249

СОДЕРЖАНИЕ

Абикова Г.М., Бегимова М.К. РЕДКИЕ КНИГИ И РУКОПИСИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ.....	5
Акымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С. ОСТЕОЛОГИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА АСПАРА (по материалам раскопок 2014 г.).....	18
Асанова Г.К. НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ А.И. ЛЕВШИНА КАК ПЕРВОКЛАССНЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	36
Асанова Г.К. ГЕНЕЗИС КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕЙ КОНЦЕПЦИИ ВОСТОЧНОГО ПУТИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГОСУДАРСТВ.....	52
Бисембаева Л.А., Алимбай У.М. РУССКИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА МЕСТНОЕ НАСЕЛЕНИЕ (вторая половина XIX века - начало XX века).....	65
Борбасов С.М. ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ ЛИДЕРОВ ПАРТИИ «АЛАШ» В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИДЕИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	78
Жанабаев К., Тургенбаева А.Ш., Шотанова Г.А. «ФОРМУЛЬНЫЙ СТИЛЬ» И ЯЗЫК ЭПОСА В КАЗАХСКИХ И ЗАРУБЕЖНЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	100
Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Туран Н. ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӘҢІРЕГІНДЕГІ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
Каримов М.К., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б. ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЕ АДАПТАЦИЯ К РЫНОЧНЫМ ОТНОШЕНИЯМ (XIX в. – НАЧАЛО XX в.).....	129
Нурбай К.Ж. ГОСУДАРСТВЕННО-КОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ XX в.: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....	145
Оразбаева Ф.Ш. ИСТОРИЯ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	159
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКИЙ ЛИБЕРАЛИЗМ НАЧАЛА XX ВЕКА И ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ».....	177
Сатенова М.Р. ПОЛИТИКА ЦИНСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ И ПРОТИВОБОРСТВО В ДАННОМ ВОПРОСЕ С РОССИЕЙ.....	191
Сманова А.М., Чаргынова Г.О. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОТНОСЯЩИЕСЯ К РАСПАДУ ГОСУДАРСТВА ЙЕТТИШАР В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ.....	205
Турмахан Н. К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ПРОИСХОЖДЕНИЯ РАННЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ (предварительный историографический обзор).....	216
Уалтаева А.С., Досымкары С.М. ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ РОССИЙСКО – КАЗАХСТАНСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ТАМОЖЕННОЙ СФЕРЕ.....	226
Удербасева С.К. ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ, ГЕОГРАФИЧЕСКОГО РАСПОЛОЖЕНИЯ ВОЛОСТЕЙ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ И СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ.....	236
Якубов И.Х., Нуридинов У. ПОСЛЕДСТВИЯ ВЫВОДА АМЕРИКАНСКИХ ВОЙСК ИЗ АФГАНИСТАНА. ВЗГЛЯД ИЗ УЗБЕКИСТАНА.....	249

CONTENTS

Abikova G.M., Begimova M.K. RARE BOOKS AND MANUSCRIPTS OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY	5
Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S. OSTEOLOGICAL DATA FROM THE MEDIEVAL SITE OF ASPARA (based on 2014 season excavation materials)..	18
Assanova G.K. HERITAGE OF A.I. LEVSHIN AS A FIRST-CLASS SOURCE ON THE HISTORY OF KAZAKH STATEHOOD.....	36
Assanova G.K. THE GENESIS OF THE KAZAKH STATEHOOD IN THE CONTEXT OF THE GENERAL CONCEPT OF THE EASTERN (NON-EUROPEAN) WAY OF THE EMERGENCE OF STATES.....	52
Bissembayeva L.A., Alimbai U.M. RUSSIAN EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN KAZAKHSTAN AND THEIR IMPACT ON THE LOCAL POPULATION (the second half of 19th century and the beginning of the 20 century)	65
Borbassov S.M. THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE «ALASH» PARTY LEADERS IN THE CONTEXT OF KAZAKH STATEHOOD FORMATION.....	78
Zhanabaev K., Turgenbaeva A.Sh., Shotanova G.A. «FORMULA STYLE» AND THE LANGUAGE OF THE EPIC IN KAZAKH AND FOREIGN SOURCES.....	100
Issova L., Kaipzhan Zh., Tumanshiyev D., Turan N. KAZAKHSTAN-LATVIA: ISSUES OF COOPERATION IN THE FIELD OF INTERNATIONAL TRANSIT.....	115
Karimov M., Ibrayemova M., Dautova A., Kudaibergenuly B. SOME FEATURES OF THE TRADITIONAL KAZAKH ECONOMY AND ITS ADAPTATION TO MARKET RELATIONS (XIX -EARLY XX CENTURIES).....	129
Nurbay K.Zh. STATE-CONFESSIONAL RELATIONS IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX c.: HISTORIOGRAPHIC PROBLEM.....	145
Orazbaeva F.Sh. HISTORY OF THE KAZAKH LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY.....	159
Rustemov S.K., Orazov R.E. MUSLIM LIBERALISM OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY AND THE ALASH MOVEMENT.....	177
Satenova M.R. POLICY OF THE QING EMPIRE IN THE KAZAKH STEPPE AND THE STRUGGLE WITH RUSSIA IN THIS MATTER.....	191
Smanova A. M., Charginova G. O. SOME ISSUES RELATED TO THE COLLAPSE OF YETTISHAR STATE IN EASTERN TURKESTAN.....	205
Turmakhan N. TO THE STUDY OF THE ISSUE OF EARLY SARMATIAN CULTURE ORIGIN (preliminary historiographic review).....	216
Ualtayeva A.S., Dossymkary S.M. MAIN ASPECTS OF RUSSIAN-KAZAKHSTAN INTERACTION IN THE CUSTOMS SPHERE.....	226
Uderbaeva S.K. FEATURES OF CREATION, GEOGRAPHIC LOCATION OF VOLOSTS IN SEMIRECHENSK AND SYRDARYA REGIONS (XIX-EARLY XX CENTURIES).....	236
Yakubov I.Kh., Nuriddinov U. CONSEQUENCES OF THE AMERICAN TROOPS WITHDRAWAL FROM AFGHANISTAN. THE VIEW FROM UZBEKISTAN.....	249

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2021. 2(26)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2021.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй